

Келісілді
«ШҚО кәсіптік білім беру
орталығы» КММ
директоры
А.Ақылбек
«__» _____ 2020 ж.



Бекітемін
«Innovative College»
мекемесінің директоры
К.Т.Уразбаева
«__» _____ 2020 ж.

**Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі
оқу орындарының студенттері арасында
«Graphic design» тақырыбында информатика пәнінен
қашықтан өтетін облыстық олимпиада**

ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2020 ж.

I. Жалпы ережелер

Осы ереже Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттері арасында «Graphic design» тақырыбында информатика пәнінен қашықтан облыстық олимпиадасын өткізудің мақсатын, міндеттерін және регламентін анықтайды (одан әрі – Олимпиада).

Ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы», ІТ бағытындағы облыстық әдістемелік бірлестігі, «Innovative College» мекемесі.

Олимпиаданы өткізу форматы: **қашықтан**

Өткізілу мерзімі: **21 желтоқсан 2020 жыл**

Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

- студенттердің ғылыми-тәжірибелік жұмыстарға қызығушылықтарын қалыптастыру және дамыту;
- тәжірибелік жұмысты дайындау негізінде логикалық және талдаушылық ой, өз көзқарастарын қорғау дағдыларын дамыту;
- патриоттық сезімге тәрбиелеу;
- графикалық дизайн жайлы түсінік қалыптастыру;
- оқудағы жаңашылдыққа ұмтылысын дамыту;
- танымдық белсенділігін дамыту, білімнің бір немесе бірнеше салаларын терең зерттеу барысындағы студенттердің шығармашылық қабілеттерін анықтау;

III. Олимпиадаға қатысу және өту тәртібі

Олимпиада **3 кезеңнен тұрады:**

1-кезең: Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Corel Draw бағдарламасында эмблема жасау. Жұмыс жобасы 2020 жылғы 15 желтоқсанға дейін қабылданады.

1-кезеңнен өткен білім алушылар 2-кезеңге жолдама алады.

2-кезең: Тест тапсырмалары. Қатысушы берілген жеке логин мен пароль арқылы **e-journal.kz сайтына** кіріп тест тапсырады. Берілетін уақыт 30 минут. **Тест өту мерзімі 2020 жылғы 21 желтоқсан.**

Тапсырмаларды алған соң, қатысушы онлайн режимінде жауап береді. Олимпиада аяқталғаннан кейін қашықтық олимпиада тапсырмалары мен қатысушылардың жауаптарын тексеру қорытындысы көрсетілетін болады. Дұрыс жауаптар сайтта жарияланбайды және де қатысушыларға берілмейді. Қашықтан өтетін облыстық олимпиадаға қатысу үшін ұйымдастыру комитетінің dizayn02@mail.ru электронды поштасына сұраныс пен материалдар папкасын 2020 жылғы 15 желтоқсанға дейін жіберу қажет (Қосымша 1)

Материалдар папкасы 2 файлдан тұру керек, олар:

а) берілген нұсқаға сәйкес өтінім;

б) алдын ала дайындалған эмблема (А.Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған).

Әр оқу орнынан 3 қатысушыдан артық қатысуға рұқсат етілмейді.

Талаптарға сай емес материалдар қарастырылмайды.

Әрбір қатысушыға «Innovative College» мекемесінің сертификаты беріледі.

Эмблеманы бағалау критерийлері:

- жұмыстың графикалық үлгіге сай болуы - 10 ұпай;
- орфографиялық және орфоэпиялық норманың сақталуы - 10 ұпай.

Эмблема *Corel Draw* (*.cdr немесе *.cdr) және jpg форматында болу керек. Файл атауы және жекелеме файлдары автордың тегімен аталуы тиіс.

IV. Олимпиада қорытындысы

Олимпиада жеңімпаздары мен барлық қатысушыларға ШҚО кәсіптік білім беру орталығы мен Семей қаласы «Innovative college» мекемесінің дипломдары мен сертификаттары беріледі. Сертификаттар қатысушылардың тапсырыста көрсетілген электронды пошталарына жіберіледі.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: Мұратқанова Әмина Ерзатқызы 87470633490, Жеңісбекова Айдана Талғатқызы 87764760096

«Innovative College» мекемесінің директоры
К.Т.Уразбаева ханымға

«**Graphic design**» тақырыбында қашықтан өткізілетін облыстық олимпиадаға
қатысуға өтінім

21 желтоқсан 2020 жыл Семей қаласы

| Р/с | Қатысушы- ның аты- жөні | Оқу орнының атауы | Ғылыми жетекшісі (аты-жөні, толық), байланыс телефоны, электронды мекен- жайы |
|-----|-------------------------------|----------------------|---|
| | | | |

Колледж директоры: _____